

"Ақбұлақ" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 580 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Ақтөбе қаласы Сәңкібай даңғылы 12 мекен-жайы бойынша тіркелген "Ақбұлақ" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) билік ету шектеулі жарияланған акцияларын (бұдан әрі - акциялар) оларды салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Қоғамның мерзімі өткен берешегін өтеу есебіне мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қою арқылы орналастырсын;

2) Қоғам акцияларын ұстаушылар тізіліміндегі акцияларға мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тіркеуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның алып қойылған акцияларын Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі